



# ҮЦБРАТТЫ ОҚИФАЛАР

*Ата-аналарга  
арналган*



Улаанбаатар қаласы  
2018 жыл

## Global fund for Women-нің қолдауымен басылды

Бұл ғибратты оқиғалар халықаралық «Ананда» қорының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Кішкентай балаларға арналған зорлық-зомбылықсыз ортаны қолдау» жобасы аясында балаларды әлімжеттіктен қорғау, жамандықтың алдын алу жайында ата-аналар мен қамқоршылардың ұғым, түсініктерін нығайтуларына үлес қосу мақсатында әзірленді.

### Құрастырушылар:

- |              |   |
|--------------|---|
| А.Амартүвшин | Астананың Баянгол ауданындағы №5 балабақшаның әдіскері  |
| Б.Мөнхзаяа   | Астаналық Білім басқармасының мектепке дейінгі және бастауыш білім беретін мұғалімдердің дамуын жауаптанушы маман |

### Кенесшілер:

- |               |   |
|---------------|---|
| Л.Ариунзул    | Моңғолия Әйелдер қорының жоба үйлестірушісі   |
| Л.Бадамцэцэг  | Отбасы және балалар мен жастарды қорғау басқармасының маманы  |
| Б.Оюундарь    | «Хөөрхөн Зүрхнүүдийн Аян» үкіметтік емес ұйымының үйлестірушісі   |
| Н.Оюунбат     | БМФС министрлігінің МДББ-ге қатысты мазмұн, стандарт, бағдарламалар саясаты және оның жүзеге асырылуын жауаптанушы маманы |
| Б.Эрдэнэчимэг | Моңғолия Әйелдер қорының атқарушы директоры   |

### Қазақ тіліне аударған:

- |           |                                      |
|-----------|--------------------------------------|
| Ж.Зұлмира | Білім институтының ғылыми қызметкері |
|-----------|--------------------------------------|

### Аударма редакторы:


- Б.Ардақ, .....

Ғибратты оқиғалардың қазақша аудармасына қатысты пікір, тілектеріңізді [mones@mongol.net](mailto:mones@mongol.net) мекенжайына жолдауларыңызға болады.

Жинақты бөлшектеп немесе бүтіндей бастырып, еселеу үшін Моңғолия Әйелдер қорынан рұқсат алу қажет.

## КӨШЕДЕ КЕЗДЕСКЕН АҒАЙ

Көктем күні ұясына еңкейіп, жүзінді аймалайтын жұмсақ самал есіп, көше мүйісіне көлеңке түсті. Адам аяғы басылмайтын, қозғалысы көп кең көше бүгін тым-тырыс. Хандаа жұмысынан тарап, жол бойы әрнені ойлай, үйіне қайтып бара жатқан беті еді, алдында ғана бір жігіт, баласы болуы керек, бес жас шамасындағы арық, қараторы баланы жетектеп кетіп бара жатқанын байқап, оларды ес көріп, жандарына жақындап келді. Хандаа оларға таяп келіп еді, әке мен бала арасындағы әңгіме оған біртүрлі күдікті сезілді. Екеуінің әңгімесін тыңдаған бойы, еріп жүре берді. Көп кешікпей, олардың жанынан өте беріп, әлгі “әкенің” кішкентай баладан «Бауырым, сен қайда бара жатыр едің? Екеуіміз біздің үйге барсақ қайтеді?» деген оғаш сұрағын құлағы шалып қалды да, әлгі адамның баланың әкесі емес екенін, тіпті мүлде бейтаныс адам екенін бірден түсінді.



Хандаа «балаға көмектесуім керек» деп ойлады. Жан-жағын байқап еді, кең көшенің бойында олардың көлеңкелерінен басқа ешкім көзіне түспеді. Одан әрі ойланып тұра алмады, жылдам шешім қабылдап, екеуінің алдына шығып, қарсы тұра қалды да, бастан аяқ көз жүгіртіп, жасы отыздар шамасындағы, қарапайым, таза, ретті киінген жігіттің түр-тұлғасын байқап үлгерді. Хандаа жігіттің суық

көзқарасынан именсе де, көзіне тіке қарап тұрып, қатқыл үнмен: «Сіз неге менің інімді ертіп бара жатырсыз? Сіз кімсіз?», - деп, баланы қолынан ұстап, өзіне қарай тартты. Бала да Хандааның қолынан тым тез ұстап, оған жабыса түсті.

Жігіт сасқалақтап қалғандығын сездіргісі келмей, өзін тым сабырлы ұстауға тырысып, көзін тайдыра, шімірікпестен: “Інің жалғыз кетіп бара жатыр екен. Қайта, мен оған көмектеспек болдым.”, - деді де, беталды жүгіре жөнелді.

Көшені айнала жүгірген жігіттің аяқ дыбысы алыстағанда ғана, Хандаа кең тыныс алып, баланың қолын терлеп, ұйығанша қысқанын енді ғана аңғарып, «қолы ауырып кеткен шығар» деп ойлап, қоя берді.

Хандаа жүрелей отырып, үрей мен жасқанудан жанарына жас толған баладан:

- Бауырым, қайда бармақшы едің? Жаңағы кісіні танысың ба?, - деп сұрады. Бала:

- Танымаймын, әпке. Көшеде кездескен ағай. Ол маған «Дүкеннен балмұздақ алып беремін» деді.

- Үйлерің қай жақта?

- Білмеймін – деп, бала иығын көтерді.

Баланы жақын маңдағы Полиция бөлімшесіне ертіп келіп, ондағыларға мән-жайды түсіндіріп, баланың ата-анасына хабарлауларын өтінді. Бөлімшеден шығып келе жатып, танымайтын адаммен сөйлесуге, одан бірдеңе алуға, еріп кете беруге болмайды деген қарапайым қағиданы балаларға міндетті түрде ескертіп, түсіндіру қажет екендігін ойлады.

Хандаа үйіне қарай аяндап келе жатып, өмірінде істеген, бұдан әрі де істейтін көптеген игі істерінің бірін жаңа ғана атқарған сияқты сезініп, көңілі шаттыққа кенеліп, бос көше адамға толып кеткендей әсерде болды. Егер бұл оқиғаны байқамай, мән бермей өте шыққан болса, кішкентай бала қандай жағдайға ұшырар еді?...

## ЖАҢА ЕТІК

Балабақшалар мен мектептерде демалыс болғандықтан ба, қалаға жақын маңдағы лагерьде балалардың көңілді күлкісі таңнан кешке дейін үзілмейді. Цэцэгээ ыстық күнде аулада ойнап жүрген ұлы Мэргэн мен оның досы Билгүүдэй екеуін бас киімдерін сулап беруге және түскі астарын ішуге шақырды. Билгүүдэй Мэргэн досының үйіне кірерде, аяқ киімін үнемі кіре берістегі баспалдақтың арғы бұрышына шешіп қоятынын байқаған Цэцэгээ бұл жолы баланың етігіне әдейілеп қарап еді, жыртылып қалған екен.

Баланың ескі, жыртық аяқ киімінен ұялып, осылай жасырып қоятынын енді түсінді.



Достарымен бірге жүріп, бауырсақ, нан жеп, бір аяқ ас тауып ішіп, таңнан қас қарайғанға дейін үйіне кірмей ойнайтын ұлының досын «Кеш болды, үйге кір, тамағыңды іш» деп шақырмайтын ата-анасының салғырттығына Цэцэгээ іштей қайран қалатын. Билгүүдэйдің әке-шешесінің қандай шаруамен айналысатынын, не істейтінін жайлаудағы ауылдардың ешбірі білмейтін-ді.

Күн сайын Мэргэн танертеңгі шайын ішіп бола бере, Билгүүдэй келетін, екеуі футбол ойнауға шығатын.

Бір күні Мэргэн үйге аяғы ауырсынып, ақсақтаған досын сүйемелдеп ертіп кірді. Цэцэгээ сасқалақтап қарап еді, Билгүүдэйдің

аяқ киімінің жыртығынан башпайынан қан ағып тұрғанын көрді. Тас тепсе керек. Баланың аяғындағы жарақатты орап, тазалап, үйлеріне жеткізіп тастады. Ертеңінде баласының есік-терезеге жалтақтап, алаңдап отырғанын сезген анасы: “Балам, Билгүүдэй досыңдікіне сен екеуміз бірге барсақ қайтеді?” - деп еді, “Анашым, сүйтейікші!” деп көзі жайнап кеткен ұлы алдына түсіп жүгіре жөнелді.

Билгүүдэйдің мұңлы жанары жасқа толып, ауырған аяғын ұстап, табалдырықта жападан-жалғыз отыр екен. Аяғының орауы кеше Цэцэгээ орап берген қалпы. Орауын шешіп еді, аяғы қызарып, бірталай ісіп кетіпті.

- Үйде әке, шешең бар ма?

- Жок. Өзім жалғызбын. Цэцэгээ үн-түнсіз, баланы жетектеген қалпы, қала орталығындағы ауруханаға қарай бет алды.

Бірнеше күннен кейін Цэцэгээ баласының досына арнап сатып алған жаңа аяқ киімді беру үшін баласын ертіп, көршілерінікіне барды. Билгүүдэй су жаңа аяқ киімді әрі-бері айналдырып, ұзақ қарап тұрды да, киіп көріп еді, шап-шақ екен. Ол аяқтарын оңды-солды қозғап, жүзіне күлкі үйіріле, “Аяғыма дәл келеді екен” – деп күбірлей, етігінің қонышын сипап, қайта-қайта аяғына қарап тұрып, риясыз көңілмен “Мэргэн, досым, саған көп рақмет! Сенің анаң тамаша адам!” – деп жымыды. Осы кезде есік ашылып, әкесі мен шешесінің масаңдау күйде аяқтарын тәлтіректей басып кіріп келе жатқанын көрген Билгүүдэйдің түсі бұзылып, тіл қатпастан үйден атып шықты. Цэцэгээ болса айтуға сөз таппай, тарыққаннан басын шайқай, баласын жетелеп үйден шығып бара жатқанда, Билгүүдэйді аяғандықтан, тамағына өксік тығылып, көзінің жасы еріксіз төгіле берді.

## КІЛТ СЫЛДЫРЫ

Қала орталығында орналасқан ірі мекемеде даяшы болып істейтін Чимгээнің жасы биыл күзде отыз үшке толады. Қызметінің ауырлығынан артық сағат жұмыс істеп, үйге кеш қайтатын кездері көп болатын. Сыртта жаңбыр құйып тұр, көше бойында қолдарына түрлі түсті қолшатыр ұстаған адамдар қасынан жіті басып өтеді. Чимгээ таңертең жұмысқа шығарда қолшатырын алуды ұмытып кеткендіктен, қолсөмкесін басына ұстап, басқалар сияқты асыға басып бара жатты да, «үйге жетуге соншама асығатындай, үйде мені күтіп отырған біреу бар ма еді?» деп ойлағаны сол еді, көңілі жабырқап, мұнайып қалды.



Балконда тұрған баланың: «Жаңбыр, жаңбыр, жау, жаңбыр» - деп әндеткен көңілді үні ойын бөліп жіберді. Жоғары қараса, сүйкімді бір бала бұған қарап, қолын бұлғап, күліп тұр екен. Чимгээ де балаға қарап күлімсіреп, қолын бұлғап, жауап бергендей болып, сәл аялдады. Бала оның балконда өткен балалық шағын есіне түсірді.

Оның кішкентай кезінде ата-анасы ажырасып, анасы Чимгээні алып қалаға көшіп келіп, пәтер жалдап тұратын. Анасы үй сатып алу үшін, екі жерде жұмыс істеп, үйге сирек келетін. Шешесі жұмысына кеткенде, Чимгээні үйге қалдырып, есікті құлыптап кететін. Ол жалғыз өзі сырттағы балалардың ойынын балконда

отырып тамашалап, күн өткізетін. Пәтер иесі ағайдың аяқ-табақты сындырып, әйеліне ақырып, айғайлаған дауысы естілген сайын селк ете түсетін де, екі құлағын басып алып, булыға жылап, үрейден дірілдеп отыратын. Чимгээнің жападан-жалғыз өткізген сансыз күндерінің ішінде сол бір күн санасында ап-анық сақталып қалды.

Анасы табақтағы алманы тоңазытқыштың үстіне қойып кетіпті. Үстел үстіне қоюды ұмытып кетсе керек. «Қалай алсам болар екен?» деп, біраз ойланып тұрды да, бір жолын тапты. Бірінің үстіне бірін қойған орындықтарға шығып, қолы алмаға енді жете бергенде, орындықтармен бірге Чимгээ де құлап түсті. Мұрны қанатып, қолы өте қатты ауырды. Айнаға қараған сайын, томпайып ісіп кеткен шекесін көріп, өзіне ме, анасына ма, әлде басқаға ма, кімге екені белгісіз, әйтеуір біреуге ренжіп, айғайлап тұрып жылағысы келді, бірақ «пәтер иесі ағай естіп қойса ұрсады» деп ойлағаны сол еді, жүрегі дүрсілдеп, қатты соға жөнелді, аузын басып, қыстыға жылап, ауырған қолымен көзінің жасын сүртіп, алманы бір-екі тістеп, жеген болып еді... Кешкісін анасын ұзақ күтетін-ді. Мейлі қараңғы, мейлі кара көлеңке, мейлі жарық болсын, қандай жағдайда да есік ашқан кілттің сылдыры естілгенге дейін ұйықтамай күтетін, қатты дыбыс естілсе, бүрісе селк етіп, қорғалаған қояндай елеңдеп, елегізіп отыратыны есіне түсті. Чимгээ жаңбыр астында келе жатып, «егер балалы болсам, оны үйге жалғыз қалдырып, сыртынан бекітіп кетіп, өзім сияқты қорқыныштан жаутандатып қоймаймын. Кішкентай кезімде құлыптың ашылған дыбысын естігенде, қуанатын едім, ал қазір, керісінше, менің ең естігім келмейтін дыбысқа айналды...» деген ойлармен бас қатыра, малмандай су болып, үйіне де жетті.


***“Бала салауатты, қауіпсіз ортада, жылылық пен мейірімге, бақытқа бөленіп, өсіп, ержетеді.”***



## ҚАУҒА САҚАЛ

Жасыл шатырлы, дөңбектен салынған ескі үйде Гэгээ ата-анасымен бірге тұрады. 90-жылдардың басында барша жан тіршілік үшін тырысып, сауда-саттықпен айналысып, қанжыға сауданың қаны жерге тамбай тұрған түс болатын. Гэгээлердікіне жамағайын болатын, қауға сақалды, қоңырқай өнді, ұзын бойлы ағай қырдан жиі келетін. Туыс ағай қала мен ауыл екі ортасында сауда істейтін, ол келген сайын Гэгээнің анасы оған арнап дәмді ас әзірлейтін, ал әкесі «бір жартысын» бастап, ой мен қырдың жаңалықтарын айтысып, әңгімелесетін.

Бір күні ағайдың келгенін дауысынан білген Гэгээ жүгіріп барып амандасты. Ол қыздың өсіп, әдемі болып кеткеніне таңдай қағып, қатты құшақтап, қауға сақалын үйкелей, бетінен сілекейлей сүйді. Беті ашып, әрі сінген темекінің жағымсыз иісінен жиіркенген Гэгээ: “Ой, ой” деп, оны итеріп, бетін сүртіп еді, анасы қызын арқасынан қағып:



- Қой, балам, үйтпе. Алыстан келген ағаңа ол қайткенің?! – деп ұрысты. Ал әкесі мақтанышпен, масаттана күліп:

- Менің қызым есейіп кеткен шығар!?! Биыл мектепке бармақшы. Кәне, қызым, ағаңа бір тақпақ айтып берші, - деді. Гэгээ пейілсіз тұрып, тақпақ айтқан болды.

Қанжыға саудасы жақсы «жүріп» жатқан сияқты, қауға сақал ағайдың келуі жиілеп, келген сайын сақалын тікендей қадап, сүйегініне Гэгээнің одан сайын ашуы келіп, жиіркенетін. «Саудам

жақсы болды, аға-жеңгеме рақмет!» деп, арақ-шарап, азық-түлік алып келіп, Гэгээнің әке, шешесімен бірге ішімдік ішуі молайып кетті. Бір күні кешке әдеттегідей той болып, араққа қызып, мас болған адамдардың айқайлап күліп, ән айтқан дауыстарынан Гэгээ біраз мазасызданып жатты да, қалай ұйықтап қалғанын өзі де білмей қалды. Кенет арақ пен темекінің ащы иісінен құсқысы келіп, тынысы тарылып оянып кеткен Гэгээ кешіккен еді. Үлкен қолымен аузын басып, үстінде алқынып жатқан мас ағайдың қауға сақалы... Қыздың бар денесі сырқырап, қатты ауырсынып, жылап еді: «Келесі жолы келгенде, саған қалаған нәрсенді әкеліп беремін. Әке, шешене ештеңе де айтушы болма. Олар мені жақсы көреді ғой» деген қауға сақалдың сөздері еміс-еміс естілді. Арам пиғылды сақалдыдан қыздарын қорғай алмаған әкесі мен шешесіне ренжіп, үнсіз қанша уақыт жылағанын кім білсін... Бір уақытта әкесі мен шешесінің ұрсысып, айғайласқан дауыстарынан есін жиды. Шешесі қызының қыстыға өксіген дауысынан оянып, барлығын түсінді. Әкесі сақалдыны бет алды төпештеп ұра берді. Үйде жанжал да емес, келісім де емес, ұшы-қиырсыз әңгіме бірнеше күнге жалғасып, ақырында, жан баласына бұл туралы сездірмеуге шешім қабылданды.

Сол күннен бастап Гэгээ түн баласында қорқынышты түс көріп, бастырылып, айғ айлайтын болды. Еркек адам көрсе, кірпідей жиырылып, қорқып, тығылатынды тапты. Бұған алаңдаған әке мен шеше бақсы-балгерлердің бәрін түгелдеді. Бірақ ешбірінен қайыр болмады. Өзімен шамалас балалармен де ойнамайды, өзіне сенімсіз, тұйық, жалғыз, саяқ жүретін қыз мектепке кіріп, үлгерімі жағынан сыныптастарының ең соңы болып, үнсіз күн кешті. Көзді ашып-жұмғанша, он көктем алмасып, қоңырау үні сыңғырлап, мектеп бітіретін қуанышты күн де келіп жетті. Бірақ Гэгээ бәз-баяғы томаға-тұйық, жанары мұңға толы қалпында...

*Бақылау, көңіл бөлу,  
Сүйіспеншілік, қамқорлық,  
Мейірімге толы жылы орта,  
Қорғалған жанұя.*

## ӨКІНІШ

Цэрэнге жаңа пәтер берілді. Алғаш отау көтергеннен бері қала шетіндегі ауылжайда ұзақ уақыт мекендегендіктен бе, әлде қыздары бірге өскен достарынан алыстағысы келмегендіктен бе, әйтеубір сабақ басталуға жақындағанда ғана жаңа қоныстарына бір-ақ көшіп келді. Көршілердің бәрінен кейін көшіп келгендіктен, алғашында Цэрэннің жұбайы Должинға танитын адам аз, оның үстіне ауылжайдағы сияқты бәрі көз алдында анық көрінбейді, бірдей қабырғалармен оқшаулап қойған сияқты сезілетін.

Ал, қазір Должин қарсы үйде егде жастағы екеу оларды «ата, же» деп атайтын 16 жас шамасындағы ұлдарымен, қабырғалас үйде жас жұбайлар төрт-бес жасар ұлдарымен бірге тұратындығын біліп алды. Кешікпей егде екі кісі кездесе, сәлемдесетін, ал екі жас жолыға қалса, жандарынан көрсе де көрмеген болып, өтетін болды.

Олар жаңа қоныстарына тез үйреніп кетті. Бір күні кешкісін жас көршілерінің қатты-қатты айғайлап ұрсысқандары, аяқ-табақтың құлап, сынған дыбысы мен кішкентай баланың жылағаны естілді. Должин «Сәлден соң басылар. Бала әке, шешесінің қатты айғайынан қорықты ғой» деп ойлап отыр еді, әйел адамның жылаған дауысымен қатар: «Үндеме! Аузыңды жап! Үніңді өшірші!» - деген жағымсыз үн мен шарт-шарт тиген шапалақ дыбысы естілді. Должин шыдап отыра алмай, есіктерін қағып еді, ешкім жоқ сияқты, дыбыссыз бола қалды. Есік алдында біраз күтіп, тың тыңдап еді, дыбыс білінбеді. «Көршілерінен ұялып, ыңғайсызданып қойған сияқты. Жақсы болды» деп ойлап, үйіне кірді.


Алайда, бірнеше күн өткен соң, әлгі айқай-шу қайтадан басталды. «Өлтірдің! Ақымақ, нақұрыссың, жоғал!», «Өзің жоғал!» деген сияқты зілді дауыстар мен небір жаман, балағат сөздер естілді. Төбелесіп жатқан сияқты, алқынған, арпалысқан үн шықты. Должин де тұра ұмтылып, есіктерін бұрынғыдан да қатты қағып: «Не болып жатыр? Екеуің ұрсысып, төбелесіп, баланы қорқыттыңдар. Қойсандаршы!» деп біраз тоқпақтады. Есікті ешкім ашпады. Амалы таусылған соң: «Полиция шақырамын.» деп еді, есік ашылып, үй иесі жігіт аса бір дөрекілікпен: «Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі деген. Сізге не қатысы бар?» - деп долданды.

Должин де бой бермей:

«Қатысы болған соң айтып тұрмын. Дәл қазір полиция шақырамын!» - деп, қалтасынан телефонын шығарып еді, жігіт:

«Жарайды, апай, полиция, ана-мынаны қайтесіз? Енді ренжіспейміз.» - деді де, есікті жауып алды. Есік сыртынан тыңдап, біраз тұрып еді, ұрыс-керіс басылып қалғандай болды. Полиция шақырмай, үйіне кірді. Жолдасы жұмыстан қайтар жолда, қызын ертіп келді. Олар уақыт жай болып кетсе де, кешкі астарын ішіп, ұйықтауға жатты. Должинның ұйқысы келмей, біраз дөнбекшіп жатып, болған оқиғаны жолдасына айтты. Цэрэн басын көтеріп, біраз тыңдады да: «Жас адамдар тез татуласады ғой, ештеңе етпес, ұйықтап демал» деді. Должин: «Шынында да солай ғой» деп ойлап, тынышталып, ұйықтап кетті.

Таңертең Должин жұмысына бармақ болып, подъездің алдында жолдасын күтіп тұр еді, көрші жігіт баласын құшақтап шығып келді де, жедел жәрдем көлігіне отырды. Должин «не болды екен?» деп ойлады.



Бірнеше күннен соң жұмыстан қайтып келе жатқан Должин подъездің кіре берісіндегі орындықта отырған көрші апай мен тағы бір әйелдің өте бір маңызды әңгіме айтып жатқандарын байқап қалды. Қастарына жақындаған сайын дауыстары айқындалып: “...Асырап алған балалары екен. Әйелі күйеуімен ренжіскен сайын, баласын

ұрады екен. Бес-ақ жастағы баланы көк ала қойдай болдырып сабапты, қазір ауруханада, жағдайы ауыр дейді. Осындай да ана бола ма?» деген сөздері ап-анық естілді. Егде апай Должинді көре сала: «Ооо, амансыз ба? Бұл кісі біздің көршіміз.» деп, жанындағы әйелге таныстырды да, бірталай маңызды қалыппен:

«Бүгін полиция келіп, ана үй туралы сұрады. «Әлімжеттік, зорлық жасап жатқанын білдіңдер ме? Білген болсаңдар, қандай шара қолдандыңдар?» дейді. Содан мен ештеңе білген жоқпын. Қайта, ...-үйдің әйелі есіктерін тоқпақтап, «Қойындар! Доғарындар! Сақшыға хабарлаймын!» деп жатқан деп айта салдым. Келіп, саған жолығады ғой!» - деп, керемет бір іс тындырғандай, маңғазданды.

- Олардың ұрсысып жатқаны сізге естілмеді ме? – деген Должиннің сұрағына:

- Естілмегенде ше, сендердікіне есікке жақын, ауызғы бөлмедегі ұрыс-керіс естілетін болса, маған төргі бөлмедегі болған-біткен барлық нәрсе ап-анық естіледі, - деп жауап бермесі бар ма?!

- Олай болса, сіз неге «қой, болмайды» демедіңіз?

- Ойбой, пәлесінен аулақ, олар үнемі ұрсысады да жатады. Қазіргі заманда ұрыс-керіссіз отбасы бар ма? Оның үстіне, полиция шақырып, тергеп-тексеріп, өзін қылмыс істегендей басың дауға қалады, - деп, немқұрайлы айтып отырғанын көріп, Должин айтарға сөз таппады.

- Әлгі баласы қайтіпті, сіз ештеңе білдіңіз бе? – деп еді:

- Есінен танып қалған соң, жедел жәрдем шақырып, ауруханаға жеткізген екен. Денесінде алуға келер жоқ, көк ала болған сияқты. Сосын полиция, анау-мынау келіп жатыр ғой, - деп қынжыла жауап берді де, сенімен әңгімем бітті дегендей, әрі айналып, теріс қарап отырды.

«Өттеген-ай, олардың кім екенін білмей тұрып, алғаш ұрсыса бастаған кездерінде-ақ, есіктерін қақпастан, тура полиция шақырсамшы... 108 телефоны неге есіме түспеді екен?.. Ескертсем, қояды... Ендігәрі бұлай істемейтін шығар?..» деп ойлап, уақыт өткізіп алғаны теріс болғанын түсінген Должин өзінің салғырттығынан болып кішкентай бала осындай ауыр жарақаттанып қалған сияқты сезініп, жаны ауырып, өзін кінәлап, өкініштен өзегі өртенді.

## ҮРЕЙ

Кішкентай кезімізде біздің көшеде Доржынікі дейтін көп балалы отбасы бар еді. Дорж ағайдікі сегіз, біздікі бес балалы болатын. Доржекең өзі бір өндірісте жүк тиеуші болып жұмыс істейтін, ал әйелі Дулам апайдың денсаулығы осал болғандықтан, үйде болатын. Ағай үйіне көбінесе мас келетін. Келе жатқанда, көшенің бұрышынан айналғаннан бастап, балаларының атын кезек-кезек атап, шақырып, «Кәне, бері келіңдер, жаман немелер, сендер үшін осылай тозып жүрсем де, бір пайдаларың тимейді, өңшең оңбағандар!» - деп балағаттап, балаларының қайбірі кездесе қалса, ұрып-соғатын. Бұл жағдай тұрақты қайталанатын.



Балабақшадан бастап бір сыныпта бірге жүрген Алимааның біздің үйге жүгіріп келіп, жан-жағына қарап, жаутаңдап отырғанынан-ақ әкесінің мас келгенін білетінбіз. Әкелері мас болып келген сайын қорыққан балалар туыс-туғандарының, тамыр-таныс, дос-жарандарының үйлеріне қашып кететін-ді. Әкелерінің «қаңғыбас қоқтар» деп балағаттағаны естілетін.

Бір күні Доржекеңнің толы, үлкен дорбаны көтеріп, балаларын шақырып, айқайлап-ойбайламай келе жатқанын көре сала, бар шамамша жүгірген бойы олардың ауласына кірдім. Алимаа құдықтан әкелген шелектегі суын су құятын үлкен ыдысқа қотарып жатыр екен. «Әкең арақ ішпей, дорбасын толтырып, әдемі-әдемі нәрселер

әкеле жатыр» деп айтып, үйлеріне кірмекші болып едім, Алимаа бар пәрменімен жүгіріп, аула шарбағының арасынан өтті де, біздікіне барып, отырып алды. Әкесінің әкелген әдемі кәмпиттерінен беретін шығар деп дәмеленген мен:

- Әкең мас емес, сау екен, - деп едім,
- Жоқ, мен бармаймын, - демесі бар ма?!

Содан көп кешікпей, оның жетінші сыныпта оқитын үлкен ағасы шарбақтан үңіліп:

- Сендердікінде Алимаа бар ма? Алимаа, Алимаа, - деп шақырды. Алимаа үнсіз отыра берді. Ағасы біздің ауланың есігін жұлқа тартып, кіріп келді де:

- Әкем көп кәмпит әкеліп, сені шақырып жатыр, - деді.
- Өтірік айтасың, мен бармаймын.

- Шын айтамын десем сенбейтін, не деген ..., - деп, әкесі айтатын жаман сөздерді төгіп-төгіп жіберіп, арқасынан дүңк еткізіп бір түйді де, көйлегінің жағасынан сүйреп алып кетті. "...Мен үлкен болып, үйленген соң, көп балалы боламын. Балаларымды айналдыра отырғызып қойып, олардың бәріне «мә, мынау саған, мынау саған» деп, әдемі-әдемі ойыншық, киім-кешектер үлестіремін. «Әке, мен жаман баға алдым» десе, «Ештеңе етпейді, баға маңызды емес, не үйренгенің маңызды. Білмегеніңді оқып, біліп алып, өте жақсы баға ала салмайсың ба? деп баламның басынан сипаймын. Дәл сенің әкең сияқты», - дейтін Батаа дәл қазір Дорж ағай сияқты болып кеткендей сезілді.

Ал Алимааның сабаққа келуі сиреп, орны көбінесе бос тұратын болды. Мұғаліміміздің көп күш жұмсап, жоғары-төмен жүгіріп, кірісуінің арқасында, ол сегізінші сыныпты әрең бітірді. Кейін мектеп бітіруіміздің 10 жылдық мерейтойындағы басқосуымызға Алимаа да келген еді. Біз бәріміз келешектегі қызметіміз, оқуымыз, өміріміз жайлы қиялдап, бір-бірімізге есе бермей әңгімелесіп жатқанда, басқалардан оқшаулау, бұрышқа барып отырып, өзіне қойылған сұрақтарға «иә, жақсы, жақсы» деп қысқаша жауап беріп, әредік-әредік ешкім күлмейтін сөзге қатты-қатты күліп, өмір бойы темекі тартқан кәрі адам сияқты кірк-кірк жөтеліп отырған Алимааны еш дәрменсіз аяп қана отырдым.

## БАҒАЛЫ АЛҚА

Удвал жұмысынан тарап, балабақшадағы қызын алуға асығып, жылдам-жылдам жүріп келеді. Айдың соңғы күні болғандықтан, есеп-қисап деп жүріп, жұмысын әрең-пәрең бітіріп үлерсе де, уақыт жай болып кетті. «Жұмыс та көп, адамдардың сөзі де көп, істеп жатсам да, бір таусылмайтын ұшы-қиырсыз жұмысым бар адаммын ғой мен. Онымен қоймай, күйеуі де бір тынымсыз адам, үйде ұсақ-түйек шаруаларды тындырып қоятын студент бала болса ғой, шіркін!», - деп іштей күбірлеп жүріп, бақшаға жетті. «Жалғыз қалып қоймаса екен!» деген оймен қызының сыныбына кірмес бұрын, есіктен сығалап еді, қызы қабырғаны жағалата қатарластырылып қойылған орындықтардың ортасында, жалғыз өзі шошайып отыр екен. Төмен қарап, көйлегінің етегін шымшып, бүктеп, бір затты түсіріп алмау үшін аса сақтанып, абайлап отырғаны байқалады.



Көмекші мұғалім жасы егделеп қалған, салмақты әйел болатын. Ол қызды ата-анасы алғанға дейін, жұмысын бітіріп алуға тырысып жатқан сияқты, ойыншық сөресін сүртіп тұр екен, Удвалды көре сала:

- Осы аптада үш рет жайға қалдыңыздар, тым шектен шығып кеттіңіздер, - деді. Удвал:
- Мұғалім, артық сағаттың ақысын төлейміз ғой, - деп күбірледі.



Мұғалім:

- Ақша маңызды емес, андағы балаңыз шаршап кетті. Мен де үйіме ерте қайтсам, бала-шаға, немере-жиендеріме қарайтын уақытым болар еді», - деп түсіндірді.

Шешесін көрген қызының асығатын түрі жоқ, баяу басып, етегін қысып ұстаған қалпы қасына келді. «Қолыңдағы не? Кәне, көрейінші!», - деп, алып еді, журналдың қағазын бүктеп жапсырған, ортасында тесігі бар, кішкентай нәрсе екен. Удвал: “Өте бір бағалы зат тауып алғандай, қозғалмай отырғаның осы ма?! Кәне, тәпшігіңді шеш. Етігіңді ки», - деді. Қызы бір қолына әлгі затын қысып ұстап, келесі қолымен тәпшігін шешуге тырысты. Удвал ыза болып: «Сен неге әкеңе ұқсап, есек сияқты қырсығып тұрсың?», - деп зекіріп, қолына қысқан әлгі затын жұлып алып, босағада тұрған қоқ салғышқа қарай лақтырып жіберді. Сосын тәпшігін күшпен тартып шешті де, киім шкафқа тастай салды. Аяқ киімін кигізіп, қолынан жетелеп, сүйрелегендей болып алып шықты, қызы қайта-қайта «Жоқ, менікі, менің алқам!» деп шырылдап жылай берді.

Үйге келген соң, тамақ әзірлеп еді, қызы «бақшада тамақ ішіп алғанмын» деп қырсықты. Ертеңінде демалыс күні болғандықтан, Удвал асықпай тұрып, таңғы ас әзірлей жүріп, қызына қарады. Қызы басын көтеріп, жан-жағына қарап алды да, анасының өзіне қарағанын байқап, ұйықтаған болып қайтадан тез жата қалды. Анасы қызының қасына барып:


- Қызым, тұра ғой, шайымызды ішейік, - деп еді, қызы:

- Жоқ, менің ұйқым келіп тұр. Шай ішпеймін, - деп, көрпесін басына жауып, әрі қарап жатып алды. Удвал:

- Қызым, кешегі қағаздан жасалған алқанды ойлап, ашуланып жатырсың ба? – деп, алдаусыратып сұрап еді, қызы көрпе ішінде аунап түсіп, анасына қарағанымен, үндемеді. «Қырсықсың, қырсықсың дей берсем, одан әрі қырсыға берер» деп ойлаған Чимгээ: «Кәне, тұр. Шайынды іш, екеуіміз дүкенге барайық. Қағаздан жасалған жаман моншақты қайтесің? Анаң саған өте әдемі, бағалы алқа алып берсін» - деп еді, қызы көрпеден басын шығарып: «Ол алқаны мен сізге сыйлайын деп жасағанмын. Сіздің қызыл жейдеңізге әдемі жарасатын еді.» - деп күрсінгенде, Удвалдың аузына сөз түспей қалды...

## АЙНА

Біз, бірнешеуіміз, жақын достар едік. Университетті тамамдаған соң өмір жолын қуып, барлығымыз жан-жаққа кеткелі бірталай жылдың жүзі болды. Шаңырағымызға екінші «жаңа адам» қосылғандықтан, достарымыз отбастарымен біздікіне келді. Біздің үлкен ұлымыз төрт жаста, Болдының тұңғыш ұлы бесте, Амардың ұлы төрт жаста.



Көптен бері кездеспеген әйелдеріміз ана-мынаны айтысып, ауыздары жабылмай әңгіме айтуда. Ал балалар басында тосаңсығанымен, кешікпей үйреніскен болу керек, әрі-бері жүгірісіп, ойнай бастады. Ұзақ уақыт жүздеспеген жігіттердің де айтар әңгімелері көп болатын. Біраздан кейін балалардың дауыстары кенет қатты шыққан соң, бәріміз селк етіп, солай қарап едік, Болдының баласы Амардың баласын итеріп жығып, «Жоғал, жаман ...» деді. Сол сәтте Болд баласына жүгіріп жетті де, оны шапалақпен тартып жіберді. Болдының әйелі бізден ынғайсызданып: «Бұл балаға қол көтеріп, ерегестіріп отырады. Айтқанмен пайда жоқ», - деп күрсінді. Амардың әйелі сасқалақтап: «Балалар, достар бұлай болуға болмайды!» деп, екі баланы жетектеп, шығып кетті.

Ал екі жұдырығын түйіп, астыңғы ернін жымқырып, қабағын қарыс түйіп, жаман қарап тұрған Болдының баласын көргенде, мен ештеңе айта алмадым, жай ғана Болдыға қарап тұра бердім. «Жігіт

ұр да жық, дөрекі мінезді еді, үйленген соң да сол мінезін тастай алмапты» деп ойладым да, «Болд-ау, мына балалар біздің айнамыз деген сөз ғой» деп, оған үйреткен, ескерткен мағынада бір ауыз сөз айттым.

Балалы-шағалы болып, қуану жақсы болғанымен, үлгі көрсетіп өмір сүру үшін бізге аса көп ынта-жігер қажет екендігін үнсіз түсіндік.

***“Бала - ата-ана тәрбиесінің айнасы.”***

***В.А.Сухомлинский***


## ЖҮРЕКТІЛІК

Дулмаа үйден шығып, мотоцикліне қарай асықпай аяндады. Санасында сансыз ой. Не болса да, мотоциклін тамызып, батыстағы обаны бетке алып, жүріп кетті. Не істеу керек? Қайткені дұрыс? Байқұс балапаным... Көзіне жас толып, алдындағы жол бұлдырап кетті. Мотоциклін тоқтатып, қызының жанында әзер тыйған көз жасына ерік беріп, үнсіз егіле берді. Әйел заты болғандықтан, ренжіп, өкпелеп, мұнайып, жабырқап жылайтын кездері аз болмайтын, бірақ бұл жолы өзіне лағынет айтып жылады. Ана екені рас болса, сезуге тиісті бола тұра, жыртқышты үйіне қалай кіргізді?.. Қиыншылығы көп тағдырына ренжи-ренжи еңіреді. Қанша уақыт жылағанын кім білсін, көзінің жасы құрғап, қабағы көзін жауып, ашыды. Түсіп, бірнеше тас алып, обаға қарай беттеді.

Түнімен «Анашым, анашым...» деп бүріскен кішкентай қызының аянышты бейнесі мен «Гонио ағайдікі сияқты ел-жұрттың әңгімесі боламыз ба?» деп түкірігін шаша айғайлаған күйеуінің ашулы кейпі көз алдынан кетпей, түсіне кіріп, бастырылып шықты. Байқұс Гониоекең 8-сыныпта оқитын қызын сұмын орталығындағы жатақханаға жеткізіп бер деп ауылдас бір жігітке мінгестіріп жіберсе, әлгі жігіт жолда бейшара қызды зорлапты. Қыз мұғаліміне, мұғалімі полицияға айтып, қылмыс әшкереленгенімен, Гонио ағайдікі жалпақ жұрттың жалықпай айтар әңгімесіне айналып, ақыры жәбір көрген қыз қалаға кетіп тынды. Қазір қайтіп жүр екен?!..

Обаға барып, айналып жүре берді, жүре берді. Қанша рет айналғанын өзі де білмеді. ...Бірнеше күннің алдында қызы үйден шығып ойнамай, үйреншікті екі-үш кітабын айналдырып көріп отыра берді. Тамақ та татпады. Жалынды, алдап та көрді, бірақ болмады.

Амалы таусылған соң, ауруханаға қаратуға сұмын орталығына апармақшы болды. Ұсақ-түйек шаруалармен шығып кеткен күйеуін күтуге де сабыры жетпеді, жоғалған малды іздеу, отарға шығу сияқты шаруаларға көмектесіп жүретін күйеуінің жамағайын туысын шақырып еді, сәті болып, жетіп келді. Ол келетін болды дегенді ести сала, қызы төсектің астына кіріп, тығыла қалды. Сонда ғана Дулмаа не болғанын түсінді...



Басы айналып, көзі қарауытты. Еріксіз бүгіліп кетті... Бірнеше тасты да обаға тастамады, уысында қысып ұстаған қалпы... Адамға қайырымды, момын, жақсы адам деп ойлаушы еді. Бірақ олай ойлауға, бағалауға болмайды екен. Қызына бір емес, бірнеше рет тиіскен сияқты. Жолдасы болса «жамағайынын орнынан тұра алмастай етіп сабасам болды» деп ойлайды. Содан болып, бірнеше күн бойы күйеуі екеуі үздіксіз ұрсысып, керісүмен келеді. «Ел-жұрт түгел бізді сөз қылады. Жастары келіп қалған, қарт ата-анамызды қайтесің? Гонио ағайдың қызы өзі бастады деді емес пе?!...»

Екі қолымен құлағын басып, біраз отырды. ...Кеше кешкісін күйеуі тағы да «жүз грамм» ішіп, «жүректеніп» алып, жамағайынын «өлтіремін» деп шығып кеткен. Қолынан келмейді. Қайын жұрты – бәрінен де өздерінің тек, тұқымдарының атақ-абыройын, бет-беделін көп ойлайтын адамдар. Түні бойы бастырылып, шошып оянып, ұйықтай алмай жатқан қызына қарап отырды. Қызын қайтіп, қалай қорғайды?! Не істеуі керек!?. Бауырына телефон арқылы хабарласып, ақылдасты. «Қазір заман басқа. Ондай адамдықтан ада, пасық хайуан одан сайын асқақтап, қанша қыздың өмірін

лайлайтынын біз білмейміз. Әпеке, айтуға тиісті орындарға айтып, хабарла. Сұмындық әлеуметтік қызметкер, дәрігер, полиция дейсіз бе, қайбіріне айтсаңыз, міндетті түрде жәрдем көрсетуге тиісті арнайы заң бар, олар құпияны да сақтайды. Ертең ерте келіңіз.» деген соң, көңілі сәл орнына түсіп, тынышталды. «Істің жөнін білетін адам болғаны да жақсы, бір амалы табылар. Інім бір жөнін келтірер?» деген сеніммен үйіне қарай беттеді. Күн әлдеқашан көтерілген. «Үкіметтің заңы халқын қорғайтын болар, мен қайтсем де туған қызымды қорғата аламын. Баруға тиісті орындарға барайын!» деп тәуекел етіп, тас-түйін шешім қабылдады да, киімін киіп, қызын ертіп, сұмын орталығына баруға жолға шықты.

## ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ

Біз тұратын тұрғын үй - қаладағы қасында ойын алаңы жоқ көп тұрғын үйдің бірі. Аялдамадан өтіп баратын ойын алаңына андасанда баламды ертіп барып, ойнататыным бар. Мұнара пішінді үлкен сырғанақта ойнап жүрген баламды қарай жүріп, осындай әдемі алаңда ойнайтын бақытты балалар мен дүниенің бар қызығын еріндері еріндеріне жұқпай әңгімелеп, талқылап отыратын олардың аналарына іштей қызғана қарайтынмын. Бұл жолы үш келіншектің әңгімесіне құлақ түрдім.

Оюунаа атты ала жейделі әйел:

- Нараа, Бурмаа, екеуің танымайтын бір адам келіп, «сендерге балмұздақ алып беремін» деп, балалардың денесін сипалап, тиісіпті дегенді естідіңдер ме? Нараа:

- Иә, солай, мен баламды өтірік айтып жүрген шығар деп ойлап, мүлде мән бермегенмін. Кешкісін көрші Зулаа ұлын ертіп біздікіне келді. Екеуіміз бірге отырып, анықтап сұрап едік, рас екен. «Қалаған нәрселеріңді алып беремін, не деген әдемі балаларсыңдар! Сендерге әдемі кино көрсетемін» деп айтты дейді.

Бурмаа:

Менің балам ондай ештеңе айтқан жоқ. Енді ғана сендерден естіп отырмын. Не деген қорқынышты? – деді таңырқай.

Оюунаа:

- Қорқынышты шығар!?! – деп еді, әйелдердің бәрі бір ауыздан шуылдай: «Біліп жүруіміз керек екен. Сырт бейнесі қандай адам

екен? Не деген қорқынышты!» десті. Нараа деген әйел маған күдіктене қарап:

- Әйел адам екен – деп еді, келіншектер тағы да:

- Солай ма? Қандай жиіркенішті, әйел адам бола тұра! – десіп, маған қарай күдіктене көз тастады. Нараа:

Бала болған соң, ештеңе ойламайды, таза, аңқау, аңғал ғой. Менің



балам әлгі адамға еріп бармақшы болдым дейді. Сол кезде Зулааның баласы: «Еріп баруға болмайды. Анам танымайтын адамнан нәрсе алуға болмайды деген» деп, менің ұлымды қолынан жетектеп, үйге қарай жүгіріпті. Зулаа баласына жақсы ақыл-кеңес береді екен. Балаларды тыңдап жүру керек екен, - деп еді, қасындағылар: «Иә, шынында да, балаларға айтып, ескертіп қояйық», - деп, тағы да шуылдай жөнелді.

Мен қарап тұра алмай, әңгімелеріне араласып: «Менің балам да осында ойнап жүр. Баламның: «Подъездің алдында жүр едім, мені бір бейтаныс жігіт машинасына отырғызып, үлкендерге арналған суретті кітап көрсетті. Ертең келіп, әдемі кино көрсетемін деді», - деген әңгімесінен мен өте қатты қорықтым. Маған бұл туралы жасырмай айтқаны үшін баламды мақтап, күнде ойнатып тұруға уәде бердім. Сосын анадан осыған дейін баламды ойнату үшін бірге еріп келіп жүрмін» - деп едім, отырған аналардың зәрулері ұшты. Бурмаа: «Шынында да, қиын болды. Балаларымызға жақсылап айтып, түсіндірмесек, оларды үнемі ертіп, бірге жүре алмаймыз ғой. Солай

емес пе?» - деп еді, «Әлгі үздіксіз жұмыс істейтін телефон 108 бе еді? Қызыма жаттатып қоюым керек екен» - деп Нараа сыпылдады. Қайтатын уақытым болып, мен ұлымды шақырдым.

Анашым, қайтатын уақытымыз болып қойды ма? Тағы кішкене ойнасам болмай ма? – деп, көңілсіздеу күбірлеген ұлымды алдап, амалдап, шешелердің алдынан жетелеп өтіп бара жатып, олардың маған деген көз қарастарының өзгергенін аңғардым.



**Мекенжайы:**

Моңғолияның Әйелдер Қоры  
Сүхбаатар ауданы, Кіші айналым  
6-ауылжай, 48-үй, 305-есік

Улаанбаатар қаласы

Улаанбаатар -46А, п/ж-280

Байланыс нөмірі: +976 7711 9991

Имэйл: [info@mones.org.mn](mailto:info@mones.org.mn)

Вэб парақшасы: [www.mongolianwomensfund.mn](http://www.mongolianwomensfund.mn)

Фб: MongolianWomensFund